

ЖЫРДА - ДҮЛДІЛ, ӨЛЕҢДЕ - ЖҮЙРІК... (АҚЫН-ӘНШІ ҺӘМ САЗГЕР КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ ХАҚЫНДА)

Аңдатпа. Мақалада ақын-айтыскер, әнші-сазгер Кенен Әзірбаевтың шығармашылық қазынасы кең көлемде қарастырылады. Балалық шақ, жастық кезеңінен бастап, атақты айтыскер, әнші-сазгер ретінде жұртқа кеңінен танылған тұстары – жырда дүлділ, өлеңде жүйрік болған сәулелі сәттерімен берік байланыста, сабақтастықта сөз етіледі. Бастапқы ән-өлеңі, даңқты айтыстары, сазды әуендері нақтылы туындыларын талдау-салыстыру бағытында беріліп, тақырыптық ерекшелігі, жанр жүйесі мен көркемдік арналары маңызды бағыт, мәнді қырларымен қатар көрсетіледі (мысалы, «Көкшолақпен тойға барғаным», «Қасқыр қамағанда», «Жайсаң», «Қыздар-ай!», «Алатау», «Қазақстан», «Төрт кезең», «Менің ұстаздарым», «Бейбітшілік – асыл сөз», «Бәрінен де еңбек күшті» т.т.).

Бұдан басқа, айтыс өнеріне де кең орын беріліп, асыл сөз мәні мен маңызы, суырып салмалықтың белгі-ерекшеліктері, әр өнерпаздың көзқарас-ұстанымы, қасиет-қырлары, көркемдік өрісі, ой-сөз жүйесі, машық-мәнері кең орын алады (мысалы, «Кенен мен Шәлипа», «Кенен мен Ләтипа», «Жамбыл мен Кенен», «Кенен мен Әбдіғали», «Кенен мен Шашубай» т.т.). Қысқасы, К. Әзірбаевтың шығармашылық мұрасы, дарын дидары, талант қуаты кең түрде қарастырылып, талдау-салыстырулар арқылы сөз етіледі.

Тірек сөздер: ақындық өнер, айтыс, жанр, көркемдік, сөз.

Кіріспе. Кенен Әзірбаев — халық ақыны, айтыскер, жыршы әрі сазгер ретінде қазақ әдебиеті мен өнерінде ерекше орын алады. Оның шығармашылығы – дәстүрлі ақындық пен халықтық поэзияның жалғасы, айтыс, терме, толғау, дастан жанрларын ұштастырған бірегей мұра. Бұл мақалада ақынның өлеңдеріндегі өмір шындығы, тарихи-әлеуметтік көріністері мен көркемдік ерекшеліктері, сондай-ақ айтыс пен дастандардағы халықтық таным мен рухани әлем бейнеленеді. Өлең-өнердің қырлы-сырлы сипаттары мол. Халық ақындарының соңғы саңлағы, ақындық-әншілік өнер мен сал-серілік дәстүрдің ерен өкілі, ой мен сөздің жүйрігі – Кенен Әзірбаев болатын-ды [1].

Ақиқатында, К.Әзірбаев жасынан жоқшылықты көп көріп, кедейлік

қамытын мойнына ерте ілгенмен, қатарынан зерек, еңбекте ерек, табиғатында сергек, жырда дүлділ, өлең-сөзге жүйрік болып өседі. Оны өзі айтқандай:

*Жейдем қара құрымдай кір жуылмас,
Тым болмаса екі айда бір жуылмас.
Жамылғысыз, жыртық тон қаудырлаған,
Қандай жанның үйінен біз қуылмаған.*

*...Ұйықтап жатып селк етіп оянамын,
Кедейлік тұрмасыңа қоя алмайды.*

*...Қоңыр тон, киіз етік, шоқпыт бөрік,
Қаламын өз бейнемнен өзім шошып,-деп
тұрмыс салмағын да, тағдыр талқысы
мен уақыт таңбасын да ерте сезінеді.
Жоқшылық пен кедейлікті де көп көреді
Анасы жоқ, әкесі кәрі – жас Кенен өмір
есігін еңбекпен ашады. Күн-көріс,
тұрмыс-тіршілік – байға жалдануға,*

ертелі-кеш мал бағуға мәжбүр етеді. Жас Кененнің:

*Әкем байғұс артымнан кеп тұрады,
Шаршадың ба, қарағым, деп тұрады.*

Қой, серкешке жүргізіп бір жылына,

Күн көруге жан сақтап еп қылады,- дейтіні де осы кез. Ерте тұрып, кеш жататын, күні-түні мал соңында жүретін кезі де осы сәт болатын-ды. Жоқшылық пен кедейшіліктің жанға батып, өмірді тұрмыс билеген мезеті де осы тұс еді.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Бұл зерттеуде әдеби-талдамалық, тарихи-салыстырмалы және мәтіндік сараптама әдістері қолданылды. Ақынның шығармалары оның өмір сүрген тарихи кезеңімен, қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдаймен байланыста қарастырылды. Өлеңдері, айтыстары мен дастандары жанрлық және көркемдік тұрғыда талданды. Сонымен қатар, зерттеу барысында фольклорлық дәстүрлер мен әдеби мұралар арасындағы сабақтастыққа көңіл бөлінді.

Зерттеу нәтижелері. Кер заманның кереғар, көлеңкелі тұстарынан жас талапты-бойдағы ақындық қуаты алып шығады. Әуелгі арман-аңсары, өмір мұраты: «Менің көңілім сондағы әкең айтпақ» болып естіледі. Демек, жоқшылық пен кедейшілік – Кененнің өмірдегі көрген қорлығы, жасынан тартқан азапты жолы, зорлық-зомбылығы болса, екінші тынысы - өлең-өнер арқылы көрініс береді. Осы реттен келгенде, әдебиеттанушы-ғалым М.Жолдасбековтың:

«Кенен Әзірбаевтың ақындығы, әнші-композиторлығы жайындағы әңгімені өзі нәр алған екі арнадан - ақындық және шешендік орта мен дәстүрден – бөліп қарауға болмайды.

Ақын туып өскен Жетісу атырабын әлі аршылып болмаған ән мен жырдың бастауы деуге де болар еді. Өйткені, бұл өңірден Сүйінбай мен Бақтыбай, Майкөт пен Құлманбет, Жамбыл мен Сарбастар ғана шықпаған; Қабан, Ноғайбай, Сапақ, Бөлтіріктердей от ауызды, айыр-көмей шешендер де; Қанадан, Байсерке, Бердібектердей өнер асқан күйшілер де; Дәурен сал, Қырмызы, Сауытбектердей сал-серілер де; Ұлбике, Әлмен, Айкүміс,

Ләтипа, Жаңылдықтардай айтулы ақын қыздар да болған. Бұлар қазақ халқының байтақ сөз, күй өнерінің тағы бір үлкен жемісті саласын құрайды. Кенен осы өнерпаз ортаның озық дәстүрінде тәрбиеленген, әсіресе Шөже мен Жамбылдан, Сарбас пен Ноғайбайдан, Кебекбай мен Бөлтіріктен, Балуан Шолақ пен Шашубайдан көбірек үйренген, үлгі алған. Кененнің өнер жолындағы тікелей ұстаздары да – осы аталған саңлақтар. Бұған қарағанда, Кенен бірегей ақындардан ғана емес, айтулы шешендерден де тәлім алған.

...Кенекең болмыс-бітімі де, жүріс-тұрысы да бөлек, табиғи дарын-таланты да ешкімге ұқсамайтын, Алатаудың шыңындай ойы да биік, бойы да биік, әсем үнді, ділмәр тілді, мінезге бай, көпшіл, қонақжай ерекше жан еді. Кенекең ғасыр бойы жасаған байтақ мұрасымен, армандай әншілігімен, аққудың қанатындай әдемі, аппақ жібектей сақалымен, бәйтеректей бойымен көзге де, көңілге де өзгеше бір жұмбақ жандай, данышпан абыздай болып көрінетін», - деген көкарастары мен ой-пікірлерінің мән-маңызы зор [2.3].

Демек, ақын-әнші, өнерпаз К.Әзірбаевтың шығармашылық мұрасы аса бай болып табылады. Өлең өнері, ән-жырлары жеке жинақ, кітап түрінде әлденеше рет жарық көрді (Өлеңдері – 1947; Әли батыр - 1949, 1951; Өлеңдері мен дастандары – 1952; Әндері – 1955; Өлең, дастан, ән тексттері – 1961; Өмірімнің әндері – 1961; Шығармалар жинағы – 1967; Аңыздар сыры – 1969; Алатау шыңы – 1974 т.с.с. [3].

К.Әзірбаевтың шығармашылық мұрасы аса бай деп айтқан тұста, алдымен - өлең-терме, толғауларын, келесі кезекте – айтыстары мен дастардарын еске алар едік. Ақындық өнері - өлең-терме, толғаулардан бастау алса, кең тынысты кемел ойлары, талант қуаты мен шабыт шалқары – айтыс, дастарында биік бел-белестерімен, дәлелді дерек, нақтылы көрініс, бейнелі салыстыру мен суреттері – таза көңіл, шын жүректен шыққаны көрінеді. Ақын мұрасын қайта оқып, зерттеп-зерделеген тұстарда - өлең-терме, толғаулары – ел-

жер, адам мен оның еңбегін тереңнен толғап, шырқау биікке көтеріп, асқақ көңілмен, сырлы сезімдермен суреттейтіні көрінсе, айтыс-дастандары – ақиқат жайттарды, тарихи оқиғалар мен танымал тұлғалар бейнесін шынайы шындығымен, шешендік пен шеберлік тұрғысынан байыпты баяндап, кемел де келісті сөз етеді. Маңыздысы: өткен өмір, терең тарих, мол тәжірибе сәт сайын сезіліп, кең өріс, арналы ағыс құрайды. Өлең сөздің күдірет, киесі де осында болса керек. Өйткені: «Поэзия - әлемдік өмірдің қан тамырының соғуы, сол өмірдің қаны мен оты, жарығы мен күні» [4, 644 б.]. Осындағы: «өлең – еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы белгілі қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған нақысты сөздер тізбегі» (5.259). Демек, өлең - өнер, өмір - өнердің көркем шежіресі, мәдени-рухани нәрі.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. К.Әзірбаевтың шығармашылық мұрасын - өлең, терме, толғаулары биік белестерге көтерді. Алайда, алғашқы өлең өрнектерінде - өз өмірі, ортасы, айнала-әлеміне қатынасы, көзқарасы кең орын алады (мысалы, «Көкшолақпен тойға барғаным», «Жеті қойды жоқтағаным», «Шөпке барғанда», «Шешем өлген жылы», «Қасқыр қамағанда», т.т.). Айталық, «Көкшолақпен тойға барғаным» атты өлеңде жас талап – ақын Кененнің балалық кезеңі, отбасылық-тұрмыстық ахуалдары, жастық, сағыныш кезеңі, өмірге, өнерге шексіз құштарлықтары танылады. Алғашқы тұста:

*Ол кезде әкем менің алпыс жаста,
Байғұстың баласы жоқ менен басқа.
Баға алмай мен жетімді шешесі өлген,
Жыласа көзі толған қанды жасқа...*

*Жөнді тамақ бермейді малға барсам,
Тегі күн жоқ тіл алмай бармай қалсам.
Жалаң аяқ тасырқап баса алмаймын,
Құтыламын қу малдан қайда барсам?!-деп
өмір-тұрмыстың ауыр салмағын,
отбасылық тұрмыс суреттерін, тағдыр
талқысын тілге тиек етсе, бертін келе:
Сол қорлықпен он беске жасым жетті,
Мен қатарлы балалар басып өтті.*

*Жорға мініп бәрі де жігіт болды,
Соны көріп жүрегім жасып кетті,-* деп те көңіл толқынын, жан-жүрек дүрсілін бүкпесіз білдіреді. Өмір-тұрмыстан туындаған өлең-жырларда жас талап-ақын Кененнің балалығы мен жастығы да, ертелі-кеш айналысатын – «қойшылық кәсібі» де көрініс береді. Тағдыр мен тұрмыстың ауыр салмағы, жоқшылық пен кедейшілік кең қамыты адымын алға бастырмайды. Көңілі мен еңсесін де көтертпейді. Сайын далаға сыр ашатын, табиғатпен тілдесетін, Көкшолаққа мұң шағатын кезең-сәті де осы тұс болатын-ды. Мұң-зар, шер-сор торлаған шақ еді.

Осы өлеңде ақынға – қанат, өмірде – серік болған Көкшолаққа қатысты тұстар, Мәтібұлақ пен дала дидары, бес болыстың басын қосқан торқалы той туралы да толғам-толғаныстар бар. Ақын оны:

*Сатып алды базардан Көкшолақты,
Құйрығы жоқ, жалы жоқ шоп-шолақты.
Өзі сәуірік көктемде байтал қуып,
Бір жағынан азынап құдай атты, -* десе, той туралы:
*Жартасты Мәтібұлақ бір үлкен сай,
Бар еді Бибол деген бір үлкен бай,
Биболдың немересі Құрман деген –*
Жар салды істеймін деп бір үлкен той, - деп толғанады. Өлең-өнердің қанатын қағады. Бойдағы қуатқа, ақындық ұшқынға кең өріс ашады. Елден ұзап, қойды тастағаны – ойға өріс, өлеңге өмір сыйлау. Өмірді - өлеңмен өрнектеу еді. Жас талаптың алғашқы қадамы, өлең өлкесіндегі тұңғыш сапары - өмірін өнерге айналдыру. Сол арқылы іргелі ізденіске, жаңа өріске, биік белеске көтерілу.

Өнер сапары осылай басталды.

Бұдан кейінгі жерде:

*Менің көңілім сондағы өлең айтпақ,
Жас күндегі жүрегім неден қайтпақ,-* деп тойды бетке алады. Тойшыл-сауықшыл жастарды жағалайды. Сөз қағыстырады. Ой жарыстырады. Әзіл-қалжыңға да кезек береді. Қатар жүрген, тең түскен сәттері де болады. Жастық желеңі, достық сапары да алға шықты. Ақындық өнер қанат қаққан, өлең өріс алған сәт еді.

Бозбала мен бойжеткен, қыз-келіншектер қатысқан торқалы тойға – Кенен де келеді. Көңілді кернеген, жан-жүректі тербеген - өлең - өнердің қанат қаққан, шырқау биікке самғаған тұсы да осы кез еді:

*Көкшолақпен мен келдім екпіндетіп,
Қатарына іркілмей келдім жетіп.
Мені жан деп біреуі қарамайды,
Жорға мінген үкісін желтілдетіп.*

*Бір қыздың астындағы байталына,
Көкшолақ оқыранды жұрт алдында.
Бір өлең келіп қалды ауызыма,
Не болса да болмады қайтаруға.*

Жас талап, жас қанат – Кенен бозбала мен бойжеткеннің ортасына еркін енеді. Әзіл-қалжың, ән-әуен өріс алған ортада Кенен өлең-жырдың тиегін ағытады. Өмірін өлеңмен жырлайды. Жоқшылық пен кедейлікке ерте кезіккенін, балалығын кісі есігінде, қой соңында өткізгенін де бүкпесіз жайып салады. Балалық, жастық кезеңін, жоқшылық пен кедейшілік салмағын, ауыр да азапты тағдырын, өмірдің қырын қараған тұстарын т.с.с. өлең-жырға арқау етеді. Қысқасы, Кенен көңілді топқа ән-әуенмен енеді. Өлең-өнер шартарапқа кең тыныспен еркін қанат қағады. Өнер өріс алады. Өмір өлеңмен өрнек құрайды. Өмір-өнер жаңа биікке бастайды.

Ақынның – «Жеті қойды жоқтағаным», «Шөпке барғанда» сынды өлеңдерінде өмір-тұрмыстың сыр-сипаттары мол. Өмір мұраты мен адам еңбегі, уақыт бедері айқын. Жоқшылық пен кедейшілік, тағдыр талқысы мен уақыттың ауыр да азапты тұстары терең тамырлы тарихымыздан, арғы-бергі кезеңдердегі халқымыздың тұрмыс-тіршіліктерінен көрініс береді. Ал, «Шешем өлген жылы» атты өлең өз өмірінің ауыр да сындарлы сәттерін суреттеу арқылы отбасылық бақытты, ортақ мұратты, көптің талап-тілегін, мұң-шерін де қатар көрсетеді. Оқып көрелік:

*Ұлдар анам, амал не, өлген жылы,
Ағайындар арулап көмген жылы.
Жеті жаста жалтақтап көз түрткі боп,
Қала берді апалап жалғыз ұлы.
...Шешем болса мен бүйтіп жүрер ме едім,
Тамақ іздеп үй-үйге кірер ме едім.
Шешесі бар баланың тамағы тоқ,*

Көремін де соларды зар еңіредім.

Өлең ауыр оқылады. Мазмұны салмақты. Мұң-шер, сыр да бар. Тарих, тағдыр, тауқымет те көп. Өз өмірін де, өзгеше уақытты да, кезең көріністерін де кең көлемде қозғайды. Көпке ортақ тұстары мен тағылымы мол. Өлеңде өмір мәні де, өлім сыры да бар. Отбасы бақыты да, ананың орын-үлесі де айтылады. Абай айтқан:

*Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі...*

*Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйінерге жарар ол,-* деген сенім, үміт ұлғая түседі. Өйткені: «Әлемде өзгермейтін үш-ақ зат бар: ол – ананың ақ сүті, күннің нұры, сәбидің күлкісі» (М.Горький).

Ақын ақиқаты, __өлеңдегі өмір шындығы, жан-жүрек пен көңіл толқыны, көпке ортақ тұстары мен сырлары да осында жатыр.

Ақынның ертеректе жазылған – «Қыздар-ай!», «Жайсаң» сынды өлеңдерінде адам өмірінің кезеңдері, жастық шақтың қызық та қимас сәттері, дүние-тірліктің иірім – сырлары кең көлемде танылады. Мәселен, «Қыздар-ай!» туындысында халық өлеңінің үлгі-өрнектері, көркемдік таным арналары, қайталаулар мен салыстыру сипаттары танылумен бірге, толған айдай жас ару – бойжеткеннің әсем де көрікті келбеті, «бір міні жоқ» түр-тұлғасы, ізгілік пен ізеттілігі танылып тұрар сөз бен ісі т.с.с. жеңіл де әсерлі, серпінді суреттеледі. Оны ақын:

*Алатаудың басынан ұшпа шықты,
Іше алмайсың суынан үш қасық та.
Біздің қалқа сұрасаң бір асыл тас,
Шәйі шапанын жамылып тысқа шықты...*

*Жаман жақсы болмайды бекер мақтан,
Оңай емес жаманға өнер таппақ.
Тал бойында тарыдай бір міні жоқ,
Қандай адам өсірді сені баптап...,*-деп жеткізеді.

Ақынның көз дүрбісі де, көңіл зердесі де арман-аңсарына айналған хас сұлуды тап басып таниды. Жаны, жүрегі қалаған адамның алдынан шығып, ізеттілік пен ізгіліктің үздік үлгісі, сыр-сымбаттың бір бойына жинақталуы кім-

кімге де ой саларлық. «Тал бойында тарыдай бір мінің жоқ», «Қандай адам өсірді сені баптап» деп таң-тамаша болуы да орынды еді. Көңіл қалауы, жан тілегі де осы тұғын-ды. «Жүрекке әмір жүрмейді» деген осы. Қысқасы, жастық жалыны, жан-жүрек жылуы, ғашықтық ғаламаттарының қыр-сыры әсерлі серпінмен беріліп, жеңіл де жүйелі жеткізіледі.

«Жайсаң» өлеңінде өмір-дүние сыры, тұрмыс-тіршілік сипаттары, бақ пен байлық айырмасы, дос-дұшпан қарым-қатынасы жан-жақты танылады. Ақын сөз басын:

*Су шығар жалбызы бар шилі жерден,
Сөз шығар естімеген үлгілі елден.*

*Сайрап қал, қызыл тілім, ел-жұртыңа,
Құтылған еш ақын жоқ қара жерден,-*
десе, келесі кезекте:

*Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,
Біреу жүр келген бақты игере алмай.
Он саусақ қарап тұрсам бірдей емес,
Біреу жүр жалғыз басы күн көре алмай.*

*Дүние құсаң қашир, қашиаң жетер,
Өмірді жетемін деп қума бекер.
Дүние ені жалпақ, түбі терең,
Көп адам аттай алмай түсіп кетер...,-* деп өмір-теңіздің түпсіз тереңіне де бойлайды. Бақ пен байлықтың жер мен көктей айырмасын да айқындайды. Жүние-жалғанның қыр-сырын да ашады. Үні шықпас жалғыздың құпиясына да енеді. Нәтижесінде, халық даналығында айтылғандай:

*Атаңның баласы болма,
Адамның баласы бол.*

Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ.

Мың досың – аз, бір дұшпаның – көп...,- деген сынды қағидалы көзқарас, қисындар білдіріледі.

Өлең табиғатына жіті – көз, сергек көңілмен үңілер болсақ, онда анық аңғарылатыны - өмір-дүниенің мәні мен сыры, тұрмыс-тірліктің өткіншілігі, уақыттың кимас, қызықты тұстары алға тартылар еді. Ақын мұратына ден қойсақ, өмірден көрген-түйгенін, тәжірибе-тағылымын ой-сөз жүйесіне серік, қызыл тілге ерік беру арқылы нақты көрініс, әсерлі тұстарды бейнелі береді. Халық әдебиетінің үлгі-

өрнектері, атамұра мен дәстүрдің озықта ұнамды үрдістері мол өмір тәжірибесімен табиғи сабақтасып, өлең өрісін де, өміршендік арна-ағысын да айқындай түседі.

Ақын өлеңдері арасында кезек көріністері мен заман шындығын, адам мен еңбек болмысын, уақыт үнін танытатын, танымал тұлғалардың өмірі мен қызметін кеңінен көрсететін туындылар да бар (Мысалы, «Он алтыншы жыл», «Он сегізінші жыл», «Қазақстан», «Алатау», «Төрт кезең», «Балуан Шолақпен кездескенде», «Оразжан», «Жұбанышқа» т.с.с.).

Аталған өлеңдер арасында – «Он алтыншы жыл», «Он сегізінші жыл» сынды туындылар күрделі кезеңнің қиын, сындарлы тұстарын жырласа, «Қазақстан» өлеңінде азаттық, теңдікке ұмтылған қазақ халқының өзіндік ерекшеліктерін Алматы, оның адамдары арқылы көрсетіледі. Ал, «Төрт кезең» - адам өмірінің бел-белестері хақында ой қозғайды. Ер-әйел өмірі мен орны, еңбегі мен өнегесі қатар көрсетіледі. Ерлер туралы:

*Еркекті біріншіден бала дейді,
Балалық әр нәрсеге шала дейді.
Жиырма-отыз жаста аттай шалқып,
Балалық сауал әрі қалар дейді.*

*Асқан соң отыз жастаң жігіт дейді,
Ол кезде жоқшылықты білдіртпейді.*

*Қырық пен елу жастың арасында,
Бөленіп ешнәрсеге ілікпейді,-*десе, әйел табиғатын – ана, еңбектер, қайраткер қалпында суреттейді. Ер-әйелдің төрт кезеңі - өмірмен, еңбекпен қатар беріледі. Ел-жер қадірі, ер-әйел – құрметі өмір мәні, дүние сыры ретінде алға тартылады. Осы реттен келгенде, ақын мұратынан өмір-өзенге өзінше, өзгеше көзбен қарайтынын аңғарар едік. Өмір-дүниенің жалғандығын айта отырып, оның мән-маңызын, қызық-қимас сәттерін, өнегелі-ғибратты тұстарын тәлім-тәжірибе негізінде жеткізетіні танылады. Ең негізгісі, өмір мұраты, адам еңбегі, ер-әйел орны – қоғам, кезек көріністерімен байланыста беріледі. Көркемдік нәрі, рухани әсері де осы тұстан танылады.

Ал, «Балуан Шолақпен кездескенде» атты өлеңде – «Сәлем – сөздің анасы» даналығынан басталған сырласу ақыл-кеңес, аға-іні, ұстаз-шәкірт сынды сипаттар арқылы өріс алады. Ақынның Балуан Шолақты көріп-кездесуі, сегіз қырлы – бір сырлы өнерін тамашалауы, үлгі-өнеге алуы нанымды, әсерлі беріледі. Ақын оны:

*Көзіңнің қырын салшы, Балуан аға,
Даңқыңыз талай елге барған, аға.
Бала едім жаңа талап ақын-әнші,*

Әніңді үйренейін алуан, аға,- деп жеткізеді. «Өнерді үйрен де жирен» даналығы да танылады. Халық мұрасы – ортақ өнерді үйрену, насихаттау мен тарату мұраты да айқын. Негізгісі, әрине есімі мен еңбегі елге етене таныс – Балуан Шолақтың өмірі мен өнерін үлгі ету, көпке ортақ қасиеттері мен өнегесін көрсету мақсаты анық. Ақын-әнші, өнерпаз бейнесі, тарихы мен тағылымы бейнелі де келісті сипат алады. Оны ақын кезең-уақыт шындықтарымен, өлең-өнер өлкесіндегі әр алуан көріністер, сырлы әлем иірімдері арқылы бедерлі жеткізеді.

Сол секілді – «Оразжан», «Жұбанышқа» сынды өлеңдерінде ел үшін еңбек еткен танымал тұлғалардың Отанға, өнерге, жерге құштарлығын, оқу-білімге ұмтылыстарын, азаттық-теңдік ісіндегі асыл мұраттарын үлгі ету бар. Ұлттық мұратқа, елдік мүддеге адалдықтары, адам мен оның еңбегіне, ел-жерге сүйіспеншіліктері кеңінен көрсетіледі. Ол жайлы:

*Мезгілсіз ажал жетті Жұбанышқа,
Жаңадан қол жеткенде қуанышқа.
Жандосов, Бәрібаев қатар шығып,
Тоқаштай большевиктен алған нұсқа.*

*Жасыңнан жайнап шықтың Жетісуға,
Шақырып кедейлерді жеңіс туга.
Жинап ап әнші-ақынды Алматыға,
Қарсы қойдың бай-манап, болыс қуға,-* деп өмір шындығын, уақыт талаптарын жайып салады. Қиын кезең, сындарлы сәттердің суреттері, ақын-әншілердің мұраттары, бай-манап, болыс-билердің содырлы-сиықсыз сипаттары да қаз-қалпында, көркем тіл, ойлы өрнектер арқылы жеткізіледі. Халық перзенттері – Жұбаныш, Ораз, Тоқаш т.б. елдік мұрат жолындағы жанкешті әрекеттері,

азаттық-теңдік ісіндегі батылдық пен адамдық мұрат, қасиеттері кеңінен көрінеді.

Ақынның «Менің ұстаздарым», «Өзіме арнау өлеңдері» әр жылдары жазылғанмен (1954, 1962) өмір кезеңдерін, ұстаз-тұтастар табиғатын, өнер туыстығын тану ісінде берері де, көмегі де көп. Өлең жүйесінен ақын табиғаты, өнердің өзіндік сыр-сипаттары кеңінен көрініс береді. Өнер заңдылығы, ақын мен өлеңнің ұшырасуы, сыр-сезім салтанаты тебіреніс, тербелістерге толы. Алғашқы бөлікте:

*Кәсібім жастайымнан ән мен өлең,
Әзірбай әкем екен, атым Кенен.
Өнерім бойымдағы жалғыз осы,
Сұрасаң сырыңды айт деп халқым менен,-* десе, кейінгі кезекте:

*Әкем де ақын екен, шешем-әнші,
Солардың көрмегенін көріп келем.
Жамбыл мен Шашубайды ұстаз қылдым,
Балуан Шолақ әніне еліктегем.
Қырғызда Тоқтағұл мен Қалмырзаға,
Кездесіп, көп тыңдадым жырларын мен.
Оспанқұл, Халықтармен қатар жүріп,
Дос болдық араласып тең құрбымен.*

*Тайымнан бәйге қосып қалың дулат,
Жарыстым талай елдің жүйрігімен,-* деп арғы-бергі кезеңнен ой қозғайды. Өмірін өлеңге қосады. Өнер арқылы өмір кезеңдерін, ұстаз-ұтастарын үлгі етеді. Қазақ-қырғыз достығын, өнердегі өрісті өлкені мадақ сезіммен еске алады. «Жарастым талай елдің жүйрігімен», деп арғы-бергі кезеңдердегі өлең-өнердің қадір-қасиетін, мәдени-рухани өріс, өресін де айқындап, бекіте түседі. Біздіңше, ақын өзі және өзгелер туралы ой қозғау арқылы ортақ мұратты - өлең-өнердің мәңгілігі мен тұтастығын, баршаға қатысты бірлік пен берекені, ізгілік пен жасампаздықты, достық пен татулықты арқау етеді. Абай айтқан:

*Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас...
Достық-достық шақырады,*

немесе Жамбылдан жеткен:

*Елменен ел достасқан,
Ғасыры туды адамның,-* деген өмір тағылымдарының мәні мол.

Бұл – қазіргі кезеңде де мәнді, қастерлі.

Ақын өлеңдерінің едәуір бөлігі – Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған. Қиын-қыстау кезеңдегі – Отан, ел мен

ер, жер жайы ақын көңілін алаң етеді. Кеудені намыс кернейді. Жан-жүрек – ел мен ердің тілеуін тілейді. «Өзі келіп ұрынған, Өз қанына жуынар» деп басқыншылық әрекетті, әділетсіз соғысты сынға алады. Кезекті тұста:

*Отан – қамал, қорғаймыз,
Жауды жеңбей қоймаймыз.*

*Жау жеріне ту тігіп,
Жеңіс туын тойлаймыз,-* деп анық, нық сөйлейді. Ол, әсіресе «Біз жеңеміз», «Жаурамасын батырлар», «Кек алу», «Төрт батыр», «Майданға сәлем», «Жамбылға көңіл айту», «Батыр болсаң, Мәліктей бол», «Жеңіс салтанаты» т.с.с. өлең, жырлардан да танылады. Бұл тұстардан да ақын оттан ыстық – Отанға адалдық, табандылық танытады. Ел-жердің қадір-қасиетін бәрінен де жоғары қояды. Жауынгерлерді өлең-жырмен жігерлендіріп, ұлттық рухты асқақтата түседі. Ол туралы:

*Қаһарлы, батыр халықпыз,
Жеңімпаз күш бізде бар,-*

десе, енді бірде:

*Белге қылыш ілген соң,
Шабыттанды біздің ер.
Анталаған жауларды,
Қырып салды қызыл ер.
Атамыз батыр қазақтан,
Сойыл-шоқпар қолға алып,
Қасқалдақ атқан садақтан,-* деп атамұра мен дәстүрді мадақ етеді. Ал, ел мен ер жайлы төмендегіше тебіренеді:

*Әбдіров, батыр Мәлігім,
Шығарды ата тарихын,
Елге батыр атанды,
Көрсетіп көзге қаруын.
Момышұлы Бауыржан,
Отанға ұран шақырған.
Майданда ерлер табылған.
Тоқтарұлы Төлеген,
Қырандарым көреген.
Жер жарыла жойылды.
Жауға істеген ерлігің,
Отан үшін, ел үшін,
Жауды соқты төбедең
Отанға шын берілген
Дұшпандарды қиратқан,
Жаудың туын құлатқан...*

Өлеңде – ел мен жер қадірі, ел мен ер мерейі, елдік пен батырлық өнегесі, дос-дұшпан айырмасы т.с.с. терең тебіреніс, кең толғам, келісті көрініс, шабытты шақ арқылы беріледі. Негізінен, аталған өлеңдерде халық

әдебиетінің өрнекті үлгілері, елдік пен ерлікке қатысты әр алуан салыстырулар, толғам-толғаныстарға толы көңіл толқындары көркемдік мәнерімен, шынайылық сипатымен, серпінді сезім иірімдерімен жан-жүрекке мейірім шуағын, көңіл сәулесін молынан түсіреді.

Ақын өлеңдері арасында – «Бейбітшілік – асыл сөз», «Бәрінен де еңбек күшті», «Кішіпейіл келеді білімді адам», «Жақсы болса жан жарың», «Міне, сонда тазалық» т.т. ақиқат жайттарды, өмір мен еңбектегі шынайылық сипаттарды, жақсылық-жетістіктерді мадақ сезіммен суреттейді. Айталық, «Бәрінен де еңбек күшті» деген өлеңінде өмір мұраты мен мәні, ел мен жер жайы, қоғам мен қоршаған орта туралы толғам-толғаныстар өте мол:

*Аға көркем көрінер ініменен,
Ағаш көркем көрінер гүліменен.
Бала көркем көрінер тіліменен,
Әнші көркем көрінер үніменен.
Өзен көркем көрінер суыменен,
Көлдер көркем көрінер қуыменен.
Аспан көркем көрінер күніменен,
Ай да көркем көрінер түніменен.
Әйел көркем көрінер еріменен,
Басшы көркем көрінер еліменен.
Елі көркем көрінер жеріменен,
Жері көркем көрінер егінменен.
Жерді көркем ететін еңбек екен,
Шын көркемдік ойласақ еңбекте екен
Жер мен көкті жайнатқан еңбек күші,
Не бар сонда еңбектен жеңілмеген?*

Өлеңде өмір ақиқаты, қоғам шындығы мен уақыт бедері айқын, нақты көрініс тапқан. Қоршаған орта, жаратылыс сыры бар болмыс, шындықтарымен көз алдына келеді. «Жер мен көкті жайнатқан еңбек күші» екеніне көзің жете түседі. Еңбек табиғаты мен тағылымы мол.

Сондай-ақ, «Міне, сонда тазалық» деген өлеңде де өмір мәні, тәжірибе тәлімі мол. Адалдық пен әділетті іс, бірлік пен береке, сенім мен сезім күші т.с.с. тәлім-тәрбие, тағылымдық қырларымен назар аударады:

*Киім таза болғанмен,
Жүректе болмай арамдық,
Қоғамға қол сұқпаса,
Міне, сонда тазалық.
Шын тазалық жүректе,*

*Шын сұлулық еңбекте.
Көптің малын ұрлама,
Сезімін сатып пұлдама –
Міне, сонда тазалық.
Ескі әдетті тастаңдар,
Жаңа жолға бастаңдар,
Міне, сонда тазалық.
Қоғам мүлкін қорғаңдар,
Сенімді бол, бар жанға,
Адал болса жүрегің –
Жұрт ілеспей қалар ма!
Ынтымақты болсаңдар,
Сырттан жау кеп алар ма!
Досыңа да адал бол,
Жауыңа да әділ бол,
Міне, сонда тазалық.*

Асылы, өлеңде өмір мұратына қатысты ойлы, ұнамды тұстар мол. Ақын өмірден көріп-түйгенін, өнер өлкесіндегі сенімі мен сезімін жыр жолдары арқылы жүйелі, әсерлі баяндайды. Өмірден туған өлең, өнерден өріс алған ақиқат жайттар - адалдық, тазалық сынды биік те асқақ, қастерлі ұғым-түсініктер төңірегінде шеберлік пен шынайылық сипаттарға ие болады.

Ақынның арнау өлеңдерінде «Қырғыз бауырыма», «Жүз жасаған Жамбылға», «Оспанқұлға», «Санатбайға», «Несіпбайға», «Мұхтарға», «Сәбитке», «Қайран Тайыр», «Ғабитке», «Димашқа» т.б. достық пен сыйластық, құрмет пен құштарлық кең орын алса, мақал-нақылдарында тәрбиелік-тағылымдық тұстар мол. Адал еңбек елдің досы, Бақ іздеудің жолы осы.

*Бақыт бар деп базарға барма,
Иман бар деп азанға барма.*

*Кесірлі адам кер болады,
Кемеңгер адам кең болады.*

*Қазанат қамшы тигізбейді,
Азамат жоғын білгізбейді.*

*Шын сүйгендер жоққа шыдар,
Азаптау мен оққа шыдар...*

Бұдан басқа – «Аңдар аты», «Құстар аты», «Шөп аттары», «Судың да аты бар» сынды өлеңдер ақын ізденісінен өзге мол өмір тәжірибесін, көзқарастанымын, жан-жануарлар әлемінің өзіндік сыр-сипаттарын жан-жақты ашады. Бұдан да ақынның көзқарастанымы, дүниетаным иірімдері

танылады. Айнала - әлемге, көрініс-құбылысқа бейтарап қарамайтыны айқын аңғарылады. Жалпы, аталған өлеңдер - өмір өрнектерінен ой қозғайды. Қоғам, кезең көріністерінен сыр тартады. Адам мұраты мен еңбегі арқылы өмір мәнін, тұрмыс-тіршілік сипаттарын, келелі келешек хақында кемел ойларды алға тартады. Ортақ мұраттар төңірегінде тереңнен толғайды.

К.Әзірбаевтың шығармашылық мұрасының басым бөлігін – терме, толғаулары алады. Олардың тақырыптары әр алуан, мазмұн-жүйесінен – ел-жер жайы, халқымыздың арғы-бергі тарихы, адам мен оның еңбегі, жақсылық-жетістіктер, қуанышты-салтанатты сәттер кең орын алады. Айталық, «Жас кезеңдері» //терме// адам өмірінің алғашқы әрі соңғы сәттеріне дейінгі аралықтағы әр түрлі көрініс, жағдаяттарды жүйелі жеткізсе, «Қадірлеген халқыма» //терме// - Отанды аялау мен бағалауға, елді құрметтеу мен қадірлеуге, туған топыраққа тағзым мен тағылым сынды сипаттарымен ерекшеленеді.

Терме табиғатынан – ел-жерді мақтан ету, ұлт пен ұрпақты мадақ тұту, халыққа қорған болу мұраты айқын.

*Қадірлеген халқыма,
Еркелеген қонақпын...*

*Қартайтпаған халқым бар,
Жүрегімде алтын бар.
Иісі жұпар жерім бар,
Көптің малы қаптаған,
Алатау арқа белім бар.
Пейілі кең, мейман дос,
Қазақстан елім бар.
Айтып болмас ауызбен,
Әр алуан кенім бар.*

*Туған жерім – тұғырым,
Шөбі дәрі, суы бал,
Арқасында халықтың,*

Шат-шадыман көңілім бар,- деп ел-жерді мақтан етеді. «Туған жерім – тұғырым» деп те оны бар дауыспен, асқақ үнмен жырлайды. Ақынның көңілді кеңге салып, ел-жерді, тау-даланы жаңғыртып, жасартып ән-жырға қосуы еркін де сергек, серпінді сипат алады. Ал, Алатауды – арқа тұтып, Қазақстанды – мақтан етуі, сөз жоқ ортақ мақсат-мұратқа адалдық пен жан-жүректің

шынайылығын көрсетеді. Ұлт мұраты, елдік мүдде – бар асылдан да жоғары қойылады. Өйткені: «Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүгініп қызмет еткін», «Жерге тер төгіп, халыққа қызмет студен аянба» Б.Момышұлы сөзінен. Ұлт мұратына адалдық пен берілгендік, ел-жерге сүйіспеншілік пен өмірге құштарлық – ақын поэзиясының биік нысанасы, көркемдік тұғыры.

Ал, «Не пайда» атты термеде адам әлемі, өмір-дүние сыры, дала-табиғат қадірі, қазақ-қырғыз қарым-қатынасы, ақын-әнші мұраты т.с.с. талап-талғам тұрғысынан таразыланса, «Көз жіберсем өткенге» атты толғауда – ақынның балалық, жастық кезеңі, отбасылық өмір-тұрмыстары, әншілік-өнерпаздық қырлары кеңінен көрінеді. Әсіресе, қазақ-қырғыз қарым-қатынасы, Шәбден батырға қатысты жиын, ақын-әнші, өнерпаздар сайысы т.с.с. қызғылықты көрініс-оқиғаларымен, ән-әуенмен әспеттелген сазды-ырғақты қалыптарымен әсерлі, нанымды өріс алады. Ақынның Жамбылмен жарастығы, Сарбасқа шәкірт-іні болуы, Балуан Шолақтан ән салуды үйренуі де нақтылы көрініс, үлгі-өнегелік қырларымен көңілді баурайды.

Тегінде, «Көз жіберсем өткенге» атты толғау арқылы ақын ұлт мұраты мен ұрпақ қамын, Ысты-Дулат тарихын, Қордай-Сұлутөр сипаттарын, қазақ-қырғыз байланысын, өмір кезеңдері мен ел-жер жайын, жақын-жуықтар қарым-қатынасын, өлең-өнердің табиғаты мен тағылымдарын арман-аңсарларымен, ән-әуенге, өлең-өнерге құштарлықтарын сенімді суреттейді. Асыл сөзбен – ақиқатты айту, ән-әуенмен – көркемдікті жеткізу мұраттары да айқын. Демек, ақын терме, толғаулар арқылы да ұлт мұраттарын, ел-жер жайын, адам әлемінің қыр-сырын ашуға батыл қадамдар жасаған.

Ол – ұтымды, ұнамды тұстарымен ерекше маңызға ие болады.

Негізінен алғанда, К.Әзірбаевтың шығармашылық мұрасының мәнді де нәрлі тұстарын, көркемдік-рухани құндылықтарын айқындайтын - өлең мен терме-толғаулары адам өмірі мен оның

еңбегін, ұлт пен ұрпақ қамын, ел мен жерді, қоғам байлығы мен дәстүр-өнегені, адалдық пен әділетті істі, тәлім-тәрбие жайын т.с.с. көркем де кемел, серпінді де сенімді жырлайды. Ақын мұратын – елдік мүдде мен халықтық қасиеттер, дәстүрге адалдық сынды сипаттар да бар қырынан жарасымды әрі жарқырай көрсетеді. Ең негізгісі, өлең-өнер өрісі мен қуатынан, көркемдік-рухани арналардан – ел-жерге құрмет пен сүйіспеншілік, адам өмірі мен еңбегіне тағзым, өнерге құштарлық сынды сипаттар айқын аңғарылады. Ақын қуаты мен талант табиғатына тән бұл белгілер – шығармашылық еңбектің басты мұраты, ізденіс арналары мен дүниетаным көріністері, шабытты шақтың сырлы әлемі, көркемдік-рухани нысаналарының бірі болып табылады.

Ұлт тарихында, оның сөз өнері хақында қилы көзқарас, алуан ой-пікірлер бар. Әр түрлі ізденіс, зерттеу еңбектері де көптеп саналады. Әсіресе, олардың арасында ақындық өнер туралы, әнші - өнерпаз бен сал-серілер, жыр-жыршы жөніндегі ой-пікірлердің өзі сан салалы арнаны құрайды.

Ақиқатында, ұлт мұраты мен руханият ісінде, әсіресе ақындық өнер мен жыршылық дәстүрдің арыдан арна алған терең тарихы мен мол тағылымы бар. Ұлт мақтанышы Ш.Уалихановтың көзқарас-танымдарынан көп жайларға көз жеткіземіз: «Тарихи көзқарас тарапынан келгенде қазақ халқының ақындық рухы айтарлықтай қызық, олай дейтініміз, бірінші жағынан – ақын жыршылар бұрынғы өткен батыр, ерлердің қаһармандығын дәріптейтін, көне дәуірдегі ескі поэмаларды сол қалпында сақтап жеткізген. Екінші жағынан, әр заманда басынан өмір кешкен ақын, жыршылар өз кезінде өткен уақиға тізбектерін бір жүйеге біріктіріп, арнаулы тақырыпқа бағындырып, ірі тұлғаның басына жинап, сыйыстырып, халқының жадынан шықпастай, ел есінен өшпестей етіп жырына қосқан. Үшінші жағынан келгенде, түрлі әдет пен ғұрыптың, мақал-мәтелдердің халық провасының сөлі, жиынтығы болып саналатын осы

эпикалық поэмалар халықтың өткен өмірі мен рухани тіршілігін бейнелеп, белгілі тарихи дерек, мағлұматтарды және оның шығу төркінінің себебін айқындап, анықтай беруге кейінгі ұрпақ - бізге толық мүмкіндік береді» [6].

Ал, ақындық пен жыршылық өнер туралы В.Радлов: «... өздерінің туыстас, төркіндес елдермен салыстырғанда қазақтар сөзге шешендіктерімен ерекше көзге түседі. Олардың шешендіктеріне, шынында да таң қалмасқа болмайды, қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмейді. Ойларын дәл, айқын етіп бере білуімен қатар, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікке безейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде жай сөйлемінде, не жайылма сөйлемінде болсын ырғақ анық байқалып және жиі кездеседі. Оның шумақтарында ғана ұшырайтын сөйлем түрлері жай сөздердің өзінде іркес-тіркес келіп жатады да, тыңдаушыға өлең тәрізді әсер береді. ... Ырғаққа құралған сөздерді дүниедегі көркем өнердің жоғары сатысы деп ұғынатын, суырылған шешендікке рахаттанатын халықтың сөздері солай болып келуі әбден түсінікті. Сондықтан да қазақ халық поэзиясының дамуы жоғары сатыға жеткен», - деген ой-пікірінде шынайы шындық, терең сырлар да мол [7].

Әрине, бұл бағыттағы ізденіс, көзқарастар көп-ақ. Қысқа шегініс жасасақ, М.Әуезов «Әдебиет тарихы» еңбегінде: «Қазақ ескілігінің бір саласы айтыс өлеңдер. Ауызша әдебиет ішінді айтыстан көп кездесетін өлең жоқ. Баяғы ескі заманнан бастап соңғы күндерге шейін қай ру болса да, ортасында айтыс өлең айтылмаған ел болмайды...

Айтыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді. Өзге жұрттың әдеби тарихын өлең түріне бөлгенде, айтыс өлеңі деген бөлім, не жоқ болады, не болмаса өте аз кездеседі. Қазақтың өзге түрдегі ескілігінің барлығында өзге елдігіне ұқсастық болса да, айтыс өлеңдері барлығынан да жат, жаңа түр. Қазақ әдебиетінің өзіне ғана меншікті саналады...», - деп жазса [8, 172 б.], танымал тұлға Ә.Тәжібаев: «Ақын бір жағынан сонау арғы заманнан бері

асыл қазыналардың қоймасына айналып, соларды сүйікті жұртына жандандыра жаңарта айтушы болумен бірге, әр тұстағы өзі басынан кешірген күйлерді тұтас дәуірдің мұрат, мақсатына үндесе отырып жырлаушы болды. Еңбекші халықпен біте қайнасқан, бірге жасасып ақын халықтық поэзияның белгілі бір традиция яки жанрын ұстап қана қалған жоқ. Олай қалуға мүмкін де емес-ті. Заман ағымын сырттай бақылап, оңаша болжамай, өткенді арман қып, күрсіне бұғып қалмай, әйтпесе өмірдің жеңіл, жайлы өңірлерінде арзан саятқа оңай елігіп қалмаған ақын әрқашан да ерекше қимылдауға тиісті. Ондай ақындар үшін дәуір тұтас күйінде де, бөлшек сипаттары арқылы да барлық ішкі қайшылықтарымен, барлық терең шындықтарымен дамыған жанды тұтасымен түгел алынады», -деп түйін жасайды [9].

Жалпы, бұл айтылғандардың өнерге, жыр мен жыршыға да қатысы бар. Өйткені, сөз өнері – көпке ортақ: онда өмір бар, сыр-сезім де мол. «Өмір-өнер» қисынында ортақ тұстар, мол тағылымдар да бар.

К.Әзірбаевтің ақындық өнерінің қуатты, серпінді тұстары - айтыстар мен дастандарынан танылады. «Жарыстым талай елдің жүйрігімен» деп ақынның өзі айтқандай, соның ішінде: «Айтыс пен дастан- ата-бабаларымыздан бізге келіп жеткен ақындық өнердің айрықша бір салалары, өте қиын түрлері: жас ақындар сөз өнеріне жетілдірер, икемдеп жол сілтейтін үлкен мектеп.

Ақындар айтысы мен жыр-дастандарының халыққа аса танымал болуының себебі де осы.

Айтыстың өлең сөзі алдымен тапқырлық, шешендікті талап етсе, дастан ақынның ішкі тебіренісі мен терең толғаныстарының жарқын көрінісі. Өлең сөз жарысының тағдырын шешетін негізгі шарт- айтыстың әрі әдепті, әрі шыншыл, нақпа-нақ, әрі көркем болуы. Ауыз әдебиетіндегі ең өткір, нақты жанрлардың бірі – айтыс болса, көп оқиғамен ауқымы кең, көркем тілді бір нұсқасы - дастан болып табылмақ» [10].

К.Әзірбаев ұлттық сөз өнерінің арналы да, ауқымды салаларының бірі – айтыс пен дастандар арқылы қоғамдық құбылыстарды, кезең көріністерін, әлеуметтік мәселелерді, өмір-уақыт шындықтарын, адам әлемі мен еңбегін, тұрмыс-тіршіліктерін т.с.с ашық та өткір көтерді. Қоғам-уақыт алға тартқан зәру де өзекті мәселелерді қызыл тілдің қуат-мүмкіндіктерімен, қос ішекті қоңыр домбыраның әуез-әуенімен көркем де шебер, һәм шешендікпен бейнелі бедерлейді. Ол, әсіресе көңіл төрінде құрыштай қорытылып, жан-жүректі тереңнен тербеп, алуан ойлар мен толғам-толғаныстар арқылы ерекше екпінмен, сергек серпінмен сенімді де жүйелі жеткізіледі.

К.Әзірбаевтың шығармашылық мұраларында айтулы орын алатын, айрықша маңызы бар саласы - айтыстар болып табылады. «Айтыстың беташары» сынды арнауында ақындық өнердің табиғаты мен мұрат-міндеті айқындалып, қыр-сырлары ашылады. Алғашқы тұста:

*Ежелден ел салты бар,
Айтыс десе талпынар.
Кәрі мен жас келгенде,
Ақын қиял шарқ ұрар.
Ат қосқандай бәйгеге,
Озып келсе даңқы бар.
Жүзден жүзде алғанда,
Мадақтайтын салты бар.
Айтысқа тән жол ашар,
Асыл сөздер жарасар, -
десе, келесі кезекте:
Кемшілікті көріп айт,
Әділ сынап, теріп айт.
Ыза болсын жалқаулар,
Көп алдында көзіне айт.
Аққу қаздай жүзіп айт,
Арғымақтай шұғып айт.
Ақ бөкендей желіп айт,
Оза шауып орғып айт.*

Тыңдаушыға жолғып айт, - деп айтыс табиғаты мен тағылымын, айтыскерлердің мақсат-мұратын, орын-үлестерін жіті саралап, кең көлемде айқындайды. Ақындық өнердің құдірет-киесін де, қадір-қасиетін де кеңінен көрсетіп, ондағы озық дәстүр мен озат тәжірибені, асыл сөз бен көркемдік қайнарларды, әділ сын мен өткір жырды, тебіреністі толғамдар мен ойлы орам-

өрнектерді айрықша атап, айтыс арнасы мен айтыскерлер тарапынан жүйелі бағыт алуын ортаға салады. Дәстүрлі өнердің жарасымды жалғасуын, арналы ағыс алуын жан-жүрегімен қалайды. Ақындық өнердің жаратылыс-тумыстан берілетіні, қолға қонған жыр-құсын аялап-бағалауды, жетілдіріп-дамытуды жас ұрпаққа үлгі етуді келешекке сеніп тапсыруды өлең-өнерімен бейнелі, бедерлі өрнектейді. Өлеңде өмір өрнектері, мол тәжірибе тәлімі, жанрға жанашырлық пен жауапкершілік сынды сипаттар терең сезіледі.

Арыдағы арналарға ден қойсақ, әуелден-ақ: «Ақын атаулының ежелгі дәстүрінің бірі - өз халқының, елінің жақсылығын жария ету, жұртшылықты ізгілікке тәрбиелеу, отаншылдық қасиеттер дарыту болып табылады» [11]. Бұл бағыттағы ізденіс, көзқарас әр алуан болғанымен халық әдебиетіндегі орны айрықша көрсетіледі: «Қазақ халық әдебиетінің айрықша атап, тоқталуды қажет ететін түрі айтыс (состязание импровизациями). Көшпелі өмір салтында рулық шешуші рөл атқарды. Бәсекеге түскен әрбір ру, әрбір ата тек өзінің билері мен батырларын ғана емес, қарсыласына дес бермейтін дарынды ақындарын да орынды мақтан тұтады. Қазақ арасында осы ру мен ата, жеке адамдар бәсекесі сөз жарысы- айтыс арқылы өте жиі көрініс табатын.

Айтыс- қазақтардың күні бүгінге дейін ең жақсы көретін поэзиясы. Соңғы кезге шейін қандай да бір уақиғаға бағышталған жиналыс болмасын әдетте ешқашан айтыссыз өтпейтін. Айтыс кезінде қарсыластар кезекпен суырып салып, бір-біріне жауаптасады. Өрқайсысы өзін, атақты аталасын, руын, жұртын т.б. мақтай отырып қарсыласының, оның аталастарының, руластарының, жұртының т.б. кем-кетіктерін, қате басқан қадамдарын, ұятты істерін қазбалап, тізе бүктіруге тырысады...

Айтыста жеңіске жеткен ақынның даңқы ерекше артады, сондықтан да айтысқұмарлар белгілі айтыс ақынын жеңіп, атақ-даңқын асыру үшін мыңдаған шақырым жерден қарсыласын

іздеп келеді. Айтысушылар жеке басты, қарсыласының руын қорлап, тіл тигізген кезде айтыс кейде төбелеспен аяқталады. Жеке адамға не руларға сипаттама бере отырып өтетін айтыс әдебиеті тұрмысты, кейде тіпті қазақтардың тарихын зерттеуде тамаша көмекші болып табылады» [12]. Демек, айтыс өнері – халықтың өлең-жырларындағы өмір өрнектері, кемел келешек хақындағы арман-ансарларының көркем де сырлы шежіресі. Оның үстіне: «Айтыс – ақындық қиял ұшқырлығы мен парасатты тапқырлықтың, биік білгірліктің және өмірге деген өрісті әрі оптимистік көзқарастың самғауы. Айтыс – жыршы һәм насихатшы жанр. Айтыс – жауынгер жанр, күрескерлік жанр» [13].

К.Әзірбаевтің алғашқы айтыстарының қатарына сән-салтанаты жарасқан бай қызы – Шалипамен аз-кем тілдесуін, сөз жарысын жатқызар едік. Айтыс мазмұны мен қысқа көріністер, ұтымды тұстары – «Көкшалок», «Көкшолақпен тойға барғаным» секілді өлең, жырлардан кең орын алады. Онда айтылатын:

*Қыз – келіншек аралас боз балалар,
Қуып ұрса кім мені арашалар.
Шоқпыт тон мен астымда атты көріп
Мен байғұсты мазақтап тамашалар.*

*Көкшолақпен мен келдім екпіндетіп,
Қатарына іркілмей келдім жетіп.
Мені жан деп біреуі қарамайды,
Жорға мінген үкісін желпілдетіп.*

*Бір қыздың астындағы байталына,
Көкшолақ оқыранды жұрт алдында.
Бір өлең келіп қалды ауызыма,
Не болса да болмайды қайтаруға,-* деген жүйелі сөз, сырлы шумақтар Кенен мен Шәлипа айтыстарында жаңа қырынан, соңы сипаттарымен кең арна алады. Алғашқы тұста алма-кезек сөз қағыстырады. Әзіл-қалжың кең өріс ала келе бай-кедей жайын, жеке бастың артық-кем тұстарын таразылай бастайды. Сөз басында Кенен өз жайынан мағлұмат береді. Бай қызы Шәлипа өзіне Кененді тең көрмей, көңілін де бермей, асқақ ұстайды. «Өкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ, қойды жөндеп бақсаншы сандалмай-ақ» деп қатарға да қосқысы келмейді. Жел жағына да шығармайды. «Жапалақша

жарбандап қалмай қойдың» деп те тілдеп, түйреп өтеді. Өз кезегінде Кенен: *Мен өзім Алатаудың ителісі,
Қойшының қызға жақын икемдісі.
Кедейсің деп кемітпе байдың қызы
Келіп отыр құрбынның сүйкенгісі,-* деп Алатаудың биігінен көз тастап, одан кейінгі жерде таудан еңіске беттегендей екпінмен, өзгеше серпінмен сөз бастайды. Ой ағысын, сөз түйінін: *Шәлипа сен олай деп кесірленбе,
Жүйрік аттай самғаймын көсілгенде.
Адамды итке теңеп шақыратын,
Шешен ит қып өзінді өсірген бе?-* деп білдіреді.

Алайда, бозбала мен бойжеткеннің әзіл-қалжынына құрылған қысқа көлемді сөз қағысы болғанмен, кезек көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын, ең негізгісі әлеуметтік мәселелер тәп-тәуір танылады (мысалы, бай-кедей қатынасы т.с.с.). Қиял қанаты, ой-сөз салмағы мәнді. Ой ұшқындары, көңіл асқақтығы, өмірге, өнерге құштарлық айқын.

Ақын айтыстары арасында - «Кененнің Бөдене және Шәйнек деген жеңгелерімен әзіл –қағысы» ауыл-аймақ, ел жұрт, жаңа қоныс жайын қозғаса, «Кенен мен Ләтипа» айтысы-өлең сөзден өріс алған, қызыл тілден қуаттанған, көз бен көңіл сүйсінген қалың көпшілік қол соққан, серпін мен тербеліске толы сөз сайыстарының бірі. «Іздегенге сұраған» дегендей, Қордайдағы Кенен, төменгі Балқаштағы Ләтипа өз кезектерінде ел-жер жайын да, жеке мұрат – мүддені де ерекше екпінмен, өзгеше серпінмен сөз етеді. Алғашқы тұста екі ақын да өз мүмкіндіктерін, жан-жүректегі тербеліс, тебіреністерін көңілмен қозғайды. Орайлы тұста Кенен: «Ақйық Алатаудың қыранымын», «Бәйге алған оза шауып арғымақпын» десе, оған Ләтипа: *Сен болсаң, кім қорқады, Кенен ақын,
Жасыннан жарымаған кедей ақын.
Мақтанба көрмегендей, білмегендей,
Құраған көк шолақпен сірі тақым.*

*Ей, Кенен, жүйрік емес, жүріскерсің,
Өлеңге әуенменен мініскерсің,-* деп лезде жауап береді. Кенен ақынның артық-кем тұстарын, әсіресе жоқшылық пен кедейліктің шеңберінен шықпағанын

алға тартады. Өмірін, тұрмысын тілге тиек етеді.

Ал, Кенен:

*Ләтипа, көруге ашық едім,
Ауылың Хаңтаудағы қашық еді,
Көкбайтал күнде озып жүргенменен
Оны да жабы сәуірік басып еді.
Тұғырдан туған құлын шабан болып,
Көшке де ілеспейтін жасық еді.
Қазанның күйесіндей қара байың,
Күйеуің таңдап тиген осы ме еді?
Кетпеннің ұңғысындай кеңірдегі
Көргенде қалып едім шошып енді.
Қашар мен арғымақты матағандай,
Жатасың қайтіп қана қасына енді?- деп
Ләтипаның өнерін де бағалап, отбасын
да еске алып, соның бәрінен азаттық пен
теңдікті жоғары қояды. Ол туралы:
Ләтипа, асыл нарқын білген қандай,
Жас шақта күліп, ойнап жүрген қандай?
Бұл күні әйелдерге ерік тиді,
Қалайша жүрсің шыдап жаман байға-ай?-
деп байыпты байлам жасайды.*

Біздіңше, айтыста азаттық, теңдік жайы да, әлеуметтік сипат та, ой мен сөздің қуаты да күшті. Көптің қамы да, отбасылық сыр да бар. «Қыздың жолы жіңішке» екені де тиісінше орын алады. Қос ақын - Кенен мен Ләтипа арман-аңсарларын да, жан-жүрек сырларын да осы кездесу – сөз сайысында бар қырынан көрсетеді.

Асылы, қарапайым басталып, кең өрісті арна алған - айтыс өнері қоғамдық құбылыстарды да, әлеуметтік мәселелерді тиісінше сөз етеді. Әсересе, бас бостандығы, отбасылық өмір, әйел затының нәзік те тылсым сырлары уақыт шындықтарымен табиғи байланыста беріледі. Кезекті тұста Кенен:

Бұл күні әйелдерге ерік тиді,-

деп Ләтипаның «құрсаулы шеңбер» ішіндегі ауыр ахуалын еске алса, Ләтипа: *...Шын айтсаң, мен соңыңнан қала алмаймын,-* деп алғашқыда елп ете қалғанымен, кейіннен:

*Ақ бата, қызыл қанды бұзбаймыз деп,
Ұзатты байлап, матап ел-ағайын,-* дегенді алға тартады. Басында еркі жоқ, отбасылық өмірден ұзап шыға алмайтынын да қисынды сөз, шерлі сырмен жеткізеді.

Айтыс соңы – Ләтипаның әлеумет ісінен гөрі отбасылық өмір мен әйелдік

міндетке адалдығы төңірегінде аяқталады.

Айтыс мұраты мен мәні, сыры мен сипаттары осыған келіп саяды.

«Әйел жолы жіңішке» екеніне көз жетіп, көңіл сенеді. Ләтипа өмірі мен тағдыры осыны алға тартады.

Бұл- кезең, уақыт та шындығы еді.

«Жамбыл мен Кенен» - ұстаз бен шәкірттің жылы жүзді кездесуі мен қауышуын, Отан, ел-жер жайлы емен-жарқын сыр-сұқбаттарынан тұрса, «Кенжеқожа мен Кенен айтысы» шын мәніндегі шеберлік пен шешендіктің қатар қанат қаққан, кең өріс алған сәттерін көрсетеді. Екі ақын да тиісті тұстарда қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді, бай-манап, қожа-молда, болыс-бидің болмыс-бітімдерін, білім-ғылым ісі мен өнер жайының даңқты да, даңғыл сәттерін, ақын-әнші, өнерпаздардың өмірі мен өнегесін кең көлемде, еркін де екпін сипатта сөз етеді. Әдеттегідей, қос ақын алма-кезек сөз алып, оны өз өмірлері мен ортасын, кәсіп-дағдыларын, тұрмыс-тіршілік түйткілдерін, тіпті бір-біріне сай еместігін де тілге тиек етеді. Алғашқы кезекте Кенжеқожа:

*Арғы атам Мәделі мен Майлықожа,
Ғылым мен өнері асқан сайлы қожа.
Қазыны, қартаменен сары қымызды,
Қонаққа соятұғын тай деп қожа.
Сүйеніп құс-жастыққа, мамық төсек,
Ишпейтін қаймақ қатпай шәйды қожа.
Патша мен бай-манап заманында,
Санаған жұлдызнама айды қожа.
Дін ислам күшті болып тұрған шақта,
Халыққа әділ болған жайлы қожа.
Сен болсаң кедейлерді жиып алып,
Бермедің бай-болысқа ешбір маза.
Бай-манапқа тілектес қожалар деп,
Біздей асыл тұқымға бердің жаза,-*

десе, сонда Кенен:

*Кезекті берді маған Кенжеқожа
Кесір айтпа, сен дағы пенде қожа,
Сәлдеңді орап, аллалап таң атқаниша,
Азан айтып әлек боп мойын соза.
Қара құстай үймелеп қансонарда,
Олжа алам деп бір адам болса қаза.
Еш дем алмай жүрмейді ишандарың,
Қанағатшыл, ақниет болса таза.
Өлім шықса молдалар қуанады.
Қаралы үйге бермейсің ешбір маза,
Түрлі салық өлгенге саласыңдар.*

*Бермесе, боласыңдар тағы наза.
Төлемеген тозаққа күйеді деп,
Жалғыз атын кездейсоқ ап жаназа.
Қатім құран шығарып пыдия алдың,
Жұрт алдыңда тарттырам саған саза.
...Қалың қазақ халқының бұлбұлымын,
Таудан аққан мен – бұлақ, сен – бір тамшы,-
деп ақиқат пен шындықты алға тартып,
әлсіз һәм жанды тұстан өлеңнің улы
тілімен түйрейді. Ал, Кенжеқожа болса:
Ау, Кенен, атың дархан, кең екенсің,
Ән-жырға, әңгімеге тең екенсің.
Әншейін сырттан өсек айтып жүрген,
Ақындар күндеп жүрген, ер екенсің.
Өнерге жап-жасынан талаптанған.
Қордайдың саулап тұрған желі екенсің,- деп
ақиқат алдында тізе бүгеді. Кененнің
ақындық қуатын, дарын даралығын
айрықша атайды. Әсіресе, айтыста -
ерен, дастанда – ерек, өлеңде – жүйрік
екеніне көзі жетеді. Өлең-өнерінің, ой
мен сөздің қадір-қасиетін Кененнің
ақындық мұрат-мүддесімен сабақтастық-
та сөз етеді.*

Бұл - әділдіктің ту тіккен, өнердің
салтанат құрған сәті еді.

Сондай-ақ, «Кенен мен Әбдіғали»
айтысында ел мен жердің қадір-қасиеті,
арғы-бергі тарихтың тамырлы да
тағылымды тұстары, Отан-ананың
мейірім шуағы, батыр балаларымыз бен
ақын-әнші, би-шешен, ұстаз-
тұстастардың сыр-сипаттары кең орын
алса, «Кенен мен Бопина» - сырлас та
сыйлас адамдардың қарым-қатынасына,
әзіл-қалжыңдарына құрылады. Ер-әйел,
жеңге-келін сипаттары, жастығы мен
жарастықтары жеңіл әзіл, ұнамды іс-
әрекетімен есте қалады. Халық
даналығы, дәстүр өнегелері де бар
қырынан көрініс береді. Ақындық мұрат,
өнер өрісі, шеберлік пен шешендік
арқылы жаңа белес, соны сипаттарға ие
болады.

Ал, «Кенен мен Шашубайдың соңғы
кездесуі» - қасиетті де киелі өлең
арқасында қазақ-қырғызды еркін аралап,
Сарыарқа мен Жетісуда сауық-сайран
салған екі ақынның алма-кезек сөз алып,
өмірдің өрі-қырын, өнердің қызық қимас
сәттерін еске алулары – ақиқат
жайттарға, шындық сырларға толы
болуымен де есте қалады. Екі ақын да
өлең-өнер алдында кішілік танытып,
ұлттық сөз өнерінің құдірет-қасиетін

толық сезінеді. Өлең арқылы ел алдына
шыққанын, абыройға бөленіп, даңқ
тұғырына көтерілгенін де қатар еске
алады. Қысқасы, Кенен мен
Шашубайдың кездесуі - өлең-өнердің
салтанат құрған, халық мұрасының
мәңгілік сипаттарын соны қырынан
көрсеткен жырлы да, сырлы әлемнің мол
иірімдерін толық танытады.

Ақын шығармашылығындағы
«Кенен мен Халима», «Кенен мен
Есдәулет», «Сұлубике-Зейнеп», «Үмбет-
әлі дүние салғанда», «Кененнің Нұрила
мен Үмбетәліге айтқаны» т.т. өнер
жарысы мен сөз қағысуларынан өмірдің
күнгей-көлеңкелі тұстары, уақыттың
құбыла соққан мезгіл-мезеттері адам
еңбегімен, тұрмыс-тіршіліктің сыр-
сипаттары айқын аңғарылады. Өлең-
жырдың кең өрісті, серпін-
серпілістерінен, екпіні мен бағыт-
арналарынан ақындық қуат та, елдік
мұрат-мүддеге адалдық та, ең негізгісі,
қоғам жағдаяттары мен адам әлемі,
ұлттық құндылықтардың мәңгілік
сипаттары жан-жақты байқалады. Ең
бастысы, адам мен оның еңбегіне,
ақындық өнер мен мәртебелі сөзге ден
қою, оған деген құрмет пен тағылым
терең танылады.

Өлең-өнердің табиғаты мен
тағылымы осында болып табылады.

К.Әзірбаевтың ақындық мұрасында
– дастандар жеке арна алады. Олар
негізінен тақырыптық тұрғыдан әр алуан
болғанымен, баяндалу әдіс-тәсілдері,
оқиға өрісі мен қорыту қисындары,
көркемдік рухани қырлары, тәлім-
тәрбиелік мәні жоғары болып табылады.
Ақиқат жайттарды баяндау, өмір
оқиғасының көрініс-суреттерін жеткізу,
басты мәселеге мән беру – дастандарға
ортақ белгілер болып саналады.

Осы орайда, «Әли батыр»,
«Қырғызбай» дастандары - 1916 жылғы
ұлт-азаттық қозғалысын, Жетісу
өңіріндегі бостандық, теңдік жолындағы
қаһармандық күрес шежіресін арқау
етеді. Ақын аталмыш арналарға
қатысты: «Көз көріп, құлақ естіп, бастан
өткен» таныс-бейтаныс жайттарды
жүйелі жеткізеді. Кезең, уақыт
шындықтарына ден қояды. Ақиқат
жайттарға, өмір оқиғаларына, басты

тұлғаның азаттық жолындағы жанкешті әрекет, қимылдарына маңыз береді. Елдік пен ерлік салттарын нанымды баяндайды. Ең негізгісі, әрине халық өмірі мен олардың бастан кешкен қилы кезеңдері, азаттық-теңдікке, құштарлықтары, жарқын болашақ жолындағы үміт-сенімдері болған оқиға, нақтылы адамдар төңірегінде өріс алады. Адамдық, азаматтық істер мен азаттық жолындағы жанкешті қимыл-қозғалыстар, өмір- уақыт шындықтары қоғам, кезең көріністерімен сабақтастықта беріледі. Ұлттық мұратқа адалдық пен тұрақтылық жарқын өмірге, жасампаздыққа құштарлық, елдік пен ерлікке табандылық сынды белгі-ерекшеліктер жіті сезіледі.

«Әли батыр» дастаны қазақ тарихындағы қилы кезең: 1916 жылға ұлт-азаттық қозғалысының Қордай өңіріндегі зардап-зомбылығын суреттеуге арналған. Жандаралдың бұйрық-тапсырмасын төмендегі би-болыс, ауылнайлардың екі етпей орындаулары, әсіресе 18-31 жас аралығындағы қылқандай топты майданға тарту ел арасында наразылық тудырады. Әли мен оның төңірегіндегілер Жандаралдың тосын хабарына қарсылық білдірді. Жазалаушы отряд пен әлденеше рет бетпе-бет келеді. Батылдық танытып, қатысылық көрсетеді. Ақыл мен айла қатар қолданылады. «Бір адым алға, екі адым кейін» сынды қисындар тиісті тұстарда көп көмек етеді. Қарсы күшке тойтарыс беріп те сындарлы сәттерден шығып отырады. Елдік пен ерлік салттарға адалдық танытты. Ел-жерге берілгендік, өмірге құштарлық, отбасына, жақын-жуықтарға тұрақтылық пен шынайылық Әли батырдың басты ұстанымы. Адамдық, азаматтық биік болмысының негізгі нәтижесі болды. Алайда, Әли батыр өмір мен өлімнің беттескен тұсын да көрді. Ел тозып, ер арыған сәттерді де бастан кешті. Жақын-жуықтың жау қолында қалған қиын кезеңді де көзбен көріп, батылдық пен табандылық танытты. Жаңашырлық пен жауапкершілік сынды қасиеттерге адал болды.

Ал, «Қырғызбай» дастанында: Жетісу өңіріндегі халық-азаттық қозғалыс, ел еркіндігі мен бостандық мәселесі кеңінен көрініс табады. Дастанның бастапқы тұсында: *Бір болыс Қордай елі он бір ауыл, Болысы Сұлтан деген жуан сауыр. Өмірін кедейлердің ойран етіп, Тұрғызған қаһарынан қара дауыл. Отыз жыл елді билеп, салған ойран, Шұбартөс, шыңжыр балақ уын жайған. Қарайды бір өзіне мың жарым үй, Сойылын соғады ол бек пен байдың,* - деп ел сенген сұлтан болыстың әділетсіз әрекеттерін, қарапайым халыққа қиянат зардаптарын жан-жақты көрсетеді. Әсіресе, ел мен жерге, мал-мүлікке қырғидай тиіп, тізесін батыруы халық наразылығын тудырады. Елдік мұрат-мүддеге адалдық танытқан Қырғызбай, Әлімжан сынды батыл да қайсар жандар ақиқатқа мықтап табан тірейді. Ел-жер жайын көптің мүддесі тұрғысынан қарайды. Ар мен намысты ту етеді. Қиын кез, сындарлы сәттерде бірлікті, берекені көздейді. Оны Әлімжанның айтқанынан аңғаруға болады:

*Ұлықтан елім, қорықпа,
Дауыл болар, жел болар.
Қарғыс айтса, ел-жұрты,
Ұлықтың басы жер болар.
Айға шапқан арыстан,
Аяғынан айырылған
Бір жерден бәрің табыссаң,
Атағың елге жайылған.
Жау қарасын санамас,
Батыр жүрек соғысар...*

*Ер анасы ел болар,
Ерегескен ер өлер.
Зорлық қылсаң, ел көрер.
Тауды, тасты жел бұзар.
Ағайынды сөз бұзар.
Екі сөйлеген елден безер.
Екі жығылған жерден безер.
Қолы білген үй түзер.
Асқынғанды ел түзер.
Дауға барсаң, бірің бар
Жауға барсаң, бәрің бар.
Өңшең ерім бас қосып,
Көпке ақыл салыңдар...*

Қарулы, екпінді топ халықты қорқытып, үркітуден тайынбады. «Сөзі өтпей, теңдік тимей кедейлерге» жолы жабылды. Күндіз-түні Сұлтан болыстың айла-амалы артып, Жандарал жағынан

күш алып отырады. Ел ішіне ірткі салды. Бірін-біріне қарсы қойды. «Бәрінің тартып алып, мал мен мүлкін тұтқындады, ерлерді-елдің көркін». Қырғызбай осы тұста қолға түсті. Қолға, аяққа кісен салды. Көз көрмес, құлақ естімес алысқа айдалды. «Өзегінде от жанып, өмір өтті Сібірде». 15 жыл өткен соң, патша тақтан түскеннен кейін ғана арып-ашып елге оралады. Онда да жайсыз көріністер орын алған еді:

*Сағынып келген ауылының
Қаңырап жатыр қонысы.
Соғылған өмір-дауылдың,
Тастаған ізі мұнысы.*

Алдынан азаттық пен бостандықты бірге аңсаған, ортақ жауға қарсы аттанған Әлімжан кездеседі. Ақсақалды қарт кейпіндегі Әлімжан Қырғызбайға ел жайын, жақын-жуықтың ахуалынан хабардар етеді. Оны төмендегіше баяндайды:

*Сен кеткелі еліңнен,
Туып өскен жеріңнен.
Талай дүние өзгерді,
Өзгергенді көз көрді.
Сені өсірген ата-ана,
Сенен қалған жас бала,
Сені сүйген аруың
Қаза болды, жасыма.
Байлардың тиіп сойылы,
Бір үйдегі төрт жанның,
Бәрі де жерге қойылды.
Жүк ауырын нар көтерер,
Нардан да күшті ер едің.
Беліңді бекем байлағын
Айбыны күшті сен едің.
Би-болыс, патша жеңбеген
Жиһангер батыр сен едің.
Қайғының бұлтын тілетін,
Найзағайға тең едің...*

...Өткен іске өкінбе,

Атыңа мін, бекін де,- деп қайрат көрсетіп, жігер береді. Ел үшін кек алуға үндейді. Азаттық пен бейбіт өмірдің мән-маңызын арттыра түседі.

«Әли батыр» мен «Қырғызбай» сынды дастандардың әдеби-тарихи негізгі мәнді, оқиға желісі мен кейіпкерлер жүйесі дәлдік пен нақтылыққа құрылған. Басты рухани байлығы көркемдік, танымдық сипаттарымен көңілді баурайды. Басты ерекшелік – ел өміріндегі дүбірлі дәуірдің ақиқат жайттары, уақыт пен

кеңістік сырлары, қоғам мен өмір шындықтары, азаттық пен бостандық жолындағы Әли, Қырғызбай т.б. ерен ерлік пен өрлік сипаттарға толы батырлық әрекеттері т.с.с. жан-жүрек тербелісі мен көңіл толқындарындағы айқын сенім, сергек сезімдермен байытылып, көркемдік қайнарлары мен шабыт шалқары, шын шеберлік пен шешендік арқылы арналы ағыс алады. Демек, дастандар табиғаты мен тағылымы ақиқатқа адалдық, азаттыққа құштарлық, елдік пен ерлікке-шынайылық пен сүйіспеншілік болып табылады. Өйткені, азаттық пен теңдік мәселесі – басты борыш, асқақ арман, келелі келешек кепілі. Ұлт мұратын асқақтатып, азаттықты аңсаған Ә.Бөкейханша айтсақ: «Бостандық, теңдік, туысқандық ХҮІІІ ғасырдан бері жарыққа шыққан таза пікір. Мұны майданға салған Франция жұртының саяси ерлері осы үш түрдің бәрі біздің шарияттан, інжілден, будда оқуынан, Л.Н.Толстой философиясынан табылады, көзі ашық, талапты ер іздесе.

Бұл үш ұраннан бөлек адам баласының бақыт, махаббатына жол жоқ. Бұл жолдан шыға жайылған хайуандыққа қайтқан болады.

Бірін-бірі жеген, бір-бірін алдаған, бірін-бірі аңдыған, бірінен-бірі кек алған хайуан тұрмысы салты. Қағушы, соғушы, күзетші хайуандық жолда адам баласына ғана керек.

Бостандық, теңдік, туысқандық қазақ баласына олжа болды. Қазақ баласының істеп отырған ісіне қарасаң, бүркітті қоянға, сұңқарды торғайға салған көрінеді. Қазақты бастан ақсақал, мырза, хазіретті бұрынғы ескі ауруға салып батпақ аяғын астауға салған құлын болып жүр. Жалпы жұрт надан болады, бұзық болмайды. Жұрт тұрмысында әділдік жоқ болса, жұрт болмақ емес. Бір қора қойды жалғыз қотыр лақ былғайды. Жалпы жұртты қотыр қылатын жалғыз-жарым адасқан, атқа мінген бүкірді көр түзетеді...

Біздің адасқан надан жұртқа мұрындық болып, көз болып, бостандық, теңдік, туысқандық жолын ұғындыру зор борыш» [14].

Азаттық пен теңдіктің, бостандық пен еркіндіктің абыройлы бел-белесі мен даңқты тұғыры, терең тарихы мен мол тағылымы осында болса керек.

К. Әзірбаевтың дастандары арасында - «Жамбыл - жыр», «Жамбылдың бала кезі», «Жамбылдың бірінші көргенім», «Жамбылдың желдірмесі», «Жамбылдың түсі», «Жамбыл тойы», «Жамбылдың қонаққа шақыру», «Жамбыл жатып қалғанда» т.с.с. тақырыптар төңірегінде өлең-өнердің жүйірігі, жырдың жарық жұлдызы – Жамбыл Жабаевтың өмірі мен кезеңі, өнері мен өнегесі кең орын алады. Әсіресе, Жамбылдың ақындық өнеріндегі бел-белестері, Сүйінбайды ұстаз санап, соңына ергені, Жетісудағы даңқты тарихы мен тағылымы т.т. дәлелді де жүйелі жеткізіліп, көркем де әсерлі сипаттарымен жан-жүрекке, көңіл төріне кедергісіз ұялайды.

Орайлы тұста, ақын-әнші, өнерпаз К. Әзірбаевтың шығармашылық мұрасындағы көркемдік мұраттар мен шеберлік, шешендік сынды белгі-ерекшеліктерді еске алсақ, онда сөз жоқ көркем де кемел ойлар, ұнамды да ұтымды сөздің тіркестізбектерін, сырлы әлемнің, өрнекті орамның мың сан арналы қағидалы қисындарын көптеп кездестіретін едік. Айталық, жоқшылық пен кедейшілікті: *Қоңыр тон, киіз етік, шоқпым бөрік, Қаламын өз бейнемнен өзім шошып.*

Немесе:

*Жалаңаяқ тасырқап баса алмаймын,
Құтыламын қу малдан қайда барсам? десе,
ауыр тұрмыс пен тағдыр талқысын:*

Жыласа көзі толған қанды жасқа, - деп білдіреді. Өз өмірінің келеңсіз-кереғар тұстарын айту-ашу арқылы көптің мұң-шерін шертеді. Ортақ мұрат, сипаттарды алға тартады. Ауыр еңбек, тауқыметті тұрмыс-тіршілік, кезең-уақыттың сындарлы сәттері нақтылы көрініс, бейнелі суреттер арқылы кең өріс алады.

*Ал, өмір мұраты мен өнер сапарын:
Менің көңілім сондағы өлең айтпақ,
Жас күндегі жүрегім неден қайтпақ, -*

десе, өмір-дүние сыры:

*Дүние құсаң қашар, қашсаң жетер,
Өмірді жетемін деп құма бекер.
Дүние ені жалпақ, түбі терең,*

Көп адам аттай алмай түсіп кетер, - деп естіледі. Бұл тұстан да ақынның өмірге көзқарас-ұстанымдары, мол тәлім-тәжірибесі, көпке ортақ ақиқат жайттардың түйін-шешімдері, таныс-бейтаныс көріністердің қыр-сыры көркем де келісті, терең де сырлы сипатта өріс алады. Ол көбінде тарих тағылымы, ұлт пен ұрпақ қамы, тәлім-тәрбие төңірегінде өріс алып, көркемдік таным арналары арқылы ақиқат жайттардың нұрлы әлеміне, сырлы сәттеріне терең бойлатады. Жан-жүректі қозғайды. Көңілге мейірім шуағын төгеді. Демек, ұлт мұраты мен елдік мүдде, адам әлемі мен еңбегі, өмір-дүние сыры мен тұрмыс тіршілік т.с.с. қай кезең, уақытта да мәнді. Ақын осыны өмір өрнектері, уақыт шындықтары негізінде нанымды, көркем кестелейді. Сыр-сезім, сүйіспеншілік табиғи өріс алады. Өмір-дүние хақындағы көзқарас, таным арналары жан-жүрек жылуы, көңіл толқындары арқылы шартарапқа кедергісіз тарайды. Өйткені, ондағы адам әлемі мен ерен еңбегі, өмір өрнектері мен уақыт бедері, ізгілік пен жасампаздықтың жарқын, сәулелі сәттері көп-ақ. Жан жылуы, мейірім шуағы, сыр-сезім иірімдері де мол.

Сондай-ақ, өнер сапарындағы жалаулы, жеңісті сәттерін:

Жарыстым талай елдің жүйірігімен, -

десе, елдік мұрат-мүдде мен еңбек қуатын, дос-дұшпан сырын:
Жер мен көкті жайнатқан еңбек күші.

Немесе:

Шын тазалық жүректе,

Шын сұлулық еңбекте, - дейді.

Сол секілді:

Досыңа да адал бол,

Жауыңа да әділ бол, - деп адам мұратын, өмір мәнін айқындап, ондағы сыр-сипатты асқақтата түседі. Ал, айтыс үстінде:

Қашар мен арғымақты матағандай,

Жатасың қайтіп қана қасына енді, - деп Ләтипаның таңдап тиген күйеуіне сын айтады. Жан-жүрек таңдауы, көңіл толқыны көркемдік таным арналары арқылы дәлдік пен нақтылыққа, шеберлік пен шешендікке ұласады. Өмір мәні, өнердің өріс-арнасы арқылы жаңа биік, соны сипаттарға ие болады.

Кенен Әзірбаевтың шығармашылық мұрасындағы көркемдік сипаттар - өмір тәжірибесінен туындаған, ізденіс-еңбектен қуат алған, жан-жүрек пен көңіл көрігінде қорытылған өрнекті де өрісті өнер. Ізденіс пен ерен еңбектің жемісі, шабытты шақтың туындылары. Олардың бәрі-баршасынан жаңа сөз, тосын ой, тың теңеу, соны салыстырулар молынан ұшырасады. Бастысы, әрине, қайсыбір тақырып, туындыны алсақ, онда адам мұраты, өмір мәні, еңбек сипаттары, жастық-достық сырлары, сыр-сезім, сүйіспеншілік сынды қашанда маңызын жоғалтпайтын қымбат та қадірлі қасиеттер, кәделі де сауапты істер бар қырынан жарқырай көрінеді. Өмірді өнермен өрнектеу, ел тарихы мен тағылымынан нәр алу, адам еңбегі мен орнын асқақ та мадақ сезіммен жырлау, азаттық пен теңдікті, ақиқат пен әділеттілікті, кісілік пен кішілікті, татулық пен туыстықты ту ету т.с.с. кең көлемде көрсету мұраттары терең танылады.

Бұдан басқа: «Ақынның көптеген өлеңінен көркемдік олжаларға ұшырасамыз, - деп жазады ақын М.Әлімбаев. – Олақ ақын ғашықтық жайында жырласа, үйреншікті сөздерді үйіп-төгіп, қандай мезі қылар еді.

Айтқыш ақын жалғыз жол өлең арқылы да талай сырды аңдатады.

«Жігіттің сұлу қыздар көзін ояр». Әдеттегіден ала бөтен басқа бейне!

Кененде адам портреттері де көңіл аударарлық:

«Қара торы, қайнар көз, ақшыл келін». Көзді қайнарға теңеуді қазақта алғаш кездестірілді.

Композитор ақынның - әуен мен саздың адам құлағына жағар әдемісін

іздеуші таланттың өлеңдерінде ырғақты өзгешеліктер де бірқыдыру:

Жамандық болса – Шоқ! Шоқ!

Жақсылық болса – топ, топ!

... өлең-жырларында мақал-мәтелге айналып кетер нәрлі түйіндер көп: «Ақынға қара сөзден өлең оңай», «Көңілі тәкаппардың көктен биік», «Жүйрікке аяндаудан желген оңай», «Әркімнің өз қатары өзіне алтын» [13].

Қорытынды. К. Әзірбаевтың шығармашылық мұрасы аса бай, әрі ондағы адам әлемі, өмір өрнектері, еңбек сипаттары кең көлемде орын алады. Өмір өрнектері өлең өлкесінде көркем, келісті сипат құрайды. Сыр-сезім, сүйіспеншілік сынды белгі, ерекшеліктер де табиғи қалпымен, қарапайым үлгі-өнегесімен, шеберлік пен шешендіктен тұратын сырлы әлемімен жан-жүректі тербеп, ақын-әнші, өнерпаздың таныс тұлғасын, бел-белестерге толы өмір өрнектерін, ән-әуен, сазбен сомдалған болмыс бедерлерін шырқау биікке көтеріп, асқақтата түседі.

Бұл – ақын-әнші, өнерпаз Кенен Әзірбаевтың өмірдегі мұраты, өнердегі өшпес өрнектері, сырлы әлем мен сазды әуендегі мәңгілік орны, биік тұғыры.

Бұл - өмірге құштар, өлең-сөзге сүйіспеншілікпен қараған К.Әзірбаевтің өнердегі өнегесі еді.

Бұл – айтыста ерен, дастанда – ерек, өлеңде – жүйрік К.Әзірбаевтың киелі өнер - ақындық пен мәребелі сөз алдындағы абыройлы даңқы, тұғырлы тұлғасы еді.

К.Әзірбаевтің өмірдегі ақиқаты мен өнердегі шындығы осы.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық - Алматы: Аруна, 2005. – 572 б.; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 656 б.; Жұбанов, А. Замана бұлбұлдары [Мәтін] / А.Жұбанов. – А., 1963. – 443 б.; Төреқұлов, Н. Жамбыл мен Кенен [Мәтін] / Н.Төреқұлов. – А. Жалын, 1978. – 128 б.; Кененқызы, Т. Кенен [Мәтін] / Т.Кененқызы. – А., Жалын, 1998. – 174 б.
2. Әзірбаев, К. Мен сүйемін халқымды (өлең, терме, толғаулар) [Мәтін] / К.Әзірбаев. – Алматы: Өнер, 2007. – 256 б.
3. Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр анықтамалық. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 50 бет.
4. Белинский, В.Г. Шығармалары. 3 томдық [Мәтін] / В.Г. Белинский. – Мәскеу, 1948. – 644 б.
5. Қабдолов, З. Сөз өнері [Мәтін] / З.Қабдолов. – Алматы: Мектеп, 1976. – 259 б.

6. Валиханов, Ч.Ч. Собрание сочинения в 5-ти т.т. 2. [Текст] / Ч.Ч. Валиханов. – Алма-ата, 1962. – 157 с.
7. Радлов, В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен [Текст] / В.В. Радлов. – 1885. – 951 с.
8. Әуезов, М. Әдебиет тарихы [Мәтін] / М.Әуезов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 172 б.
9. Тәжібаев, Ә. Өмір және поэзия [Мәтін] / Ә.Тәжібаев. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 373 б.
10. Әзірбаев, К. Жарыстым талай елдің жүйрігімен. Айтыстар мен дастандар [Мәтін] / К.Әзірбаев. – Алматы: Өнер, 2007. – 144 б.
11. Бердібаев, Р. Кәусар бұлақ [Мәтін] / Р.Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 161 б.
12. Досмұхаммедұлы, Х. Аламан [Мәтін] / Х.Досмұхаммедұлы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 173 б.
13. Әлімбаев, М. Өмір. Өнер. Өнерпаз [Мәтін] / М.Әлімбаев. – Алматы: Өнер, 1990. – 460 б.
14. «Бостандықты ұғындыру - борышымыз». – «Қазақ», 1917, № 234.

Р.С.Турысбек

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

**В ПЕСНЕ-ПЕСНЬ, В СТИХОТВОРЕНИИ-БЕГУН...
(ТВОРЧЕСКАЯ СОКРОВИЩНИЦА ПОЭТА-ПЕВЦА И КОМПОЗИТОРА
К.АЗЕРБАЕВА)**

Аннотация. В статье подробно рассматривается творческая сокровищница поэта-айтыскера, певца-композитора Кенена Азербайева. С детства, юности, как известный айтыс, певец-композитор, широко признанные моменты – в песне, в песне, в песне, с лучистыми моментами, в преемственности. Оригинальная песня-стихотворение, славные айтысы, музыкальные мелодии даны в направлении анализа-сравнения конкретных произведений, тематическая специфика, жанровая система и художественные каналы показаны наряду со значимыми аспектами.

Кроме того, большое место отводится искусству айтыса, а также значению и значению благородного слова, знакам и особенностям самовыражения, взглядам, качествам, художественному полю, системе мысли, стилю практики «Жамбыл и Кенен», «Кенен и Абдигали», «Кенен и Шашубай» и др. Одним словом, творческое наследие, талант, талант К. Азербайева широко рассматриваются и выражаются через анализ-сравнения.

Ключевые слова: поэтическое искусство, айтыс, жанр, артистизм, слово.

R.S.Turysbek - L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**THE SONG IS A SONG, THE POEM IS A RUNNER...
(THE CREATIVE TREASURE TROVE OF POET, SINGER AND COMPOSER
K.AZERBAYEV)**

Abstract. The article examines in detail the creative treasury of the poet-aitysker, singer-composer Kenen Azerbayev. Since childhood, youth, as a famous aitys, singer-songwriter, widely recognized moments are in the song, in the song, in the song, with radiant moments, in continuity. The original song-poem, glorious aitys, musical melodies are given in the direction of analysis and comparison of specific works, thematic specifics, genre system and artistic channels are shown along with significant aspects.

In addition, a great place is given to the art of aitys, as well as the meaning and significance of the noble word, signs and peculiarities of self-expression, views, qualities, artistic field, system of thought, style of practice. In short, the creative heritage, talent, talent of K. Azerbayev are widely considered and expressed through comparative analysis.

Keywords: poetic art, aitys, genre, artistry, word.

References

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық [Kazakh literature. Encyclopedic reference book]-Almaty: Aruna, 2005. - 572 P.; Kazakh culture. Encyclopedic reference book. - Almaty: Aruna, 2005. - 656 P.; Zhubanov, A. Nightingales of the timeю – A.,1963. - 443 P.; Torekulov, N. Zhambyl and Kenen. – A. Zhalyn, 1978. - 128 P.; Kenenkyzy, T. Kenen. - A., Zhalyn, 1998. - 174 P.
2. Azirbayev, K. Men syjemin halkymdy (өлең, терме, толғаулар) [I love my people (poems, poems, reflections)]. - Almaty: oner, 2007 – - 256 P.
3. Қазақстан Жазушылары: XX ғасыр анықтамалық [Writers of Kazakhstan: reference book of the XX century]. - Almaty: Ana tili, 2004. - 50 p.
4. Belinsky, V. G. Шығармалары. 3 томдық [Works. 3 volumes].-Moscow, 1948. - 644 P.
5. Kabdolov, Z. Сөз өнері [Art Of The Word]. -Almaty: Mektep, 1976 – 259 P.
6. Valikhanov, Ch. Ch. Sobranie sochinenii v 5-ti t.t. [Sobriety in the 5th T.]. -Alma-Ata, 1962 – 157 p.
7. Radlov, V. V. Obrazcy narodnoj literatury severnyh tyurksih plemen [Images of the people's literature of the northern regions]. – 1885. - 951 p.
8. Auezov, M. Әдебиет тарихы [History of literature]. - Almaty: Ana tili, 1991. - 172 p.
9. Tazhibayev, A. Өмір және поэзия [Life and poetry]. - Almaty: KSMU, 1960. - 373 p.
10. Azirbayev, K. Жарыстым талай елдің жүйрігімен. Айтстар мен дастандар [I competed with the runners of many countries]. - Almaty: Oner, 2007 – 144 p.
11. Berdibayev, R. Kausar Bulak. - Almaty: Zhazushy, 1989. - 161 p.
12. Dosmukhammedovich, H. Alaman. - Almaty: Ana tili, 1991. - 173 p.
13. Alimbayev, M. Өмір. Өнер. Өнерпаз [Life. Art. Artist]. - Almaty: Oner, 1990 – 460 p.
14. «Bostandyқты ұғындыру - борышымыз» ["It is our duty to understand freedom"] - "Kazakh", 1917, No. 234.

5.02.25 ж. баспаға түсті.

11.03.25 ж. түзетулермен түсті.

25.03.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Мақалаға сілтеме:

Тұрысбек, Р.С. Жырда – дүлділ, өлеңде – жүйрік... (Ақын-әншіі һәм сазгер Кенен Әзірбаевтың шығармашылық қазынасы хақында) [Мәтін] / Р.С.Тұрысбек // Dumaty University Хабаршысы. – 2025.- №1 – Б. 23-42 <https://doi.org/10.55956/NWOG5758>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).